ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№8 АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ - БАҚШАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО КАЗЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЕ «ЯСЛИ – САД №8» «АЙГОЛЕК»ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ЖАНАКОРГАНСКОМУ РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ № 5

« 11_» 02__2026__ж/г
Бесарық ауылы

ПРИКАЗ № 5

«11»_02__2026__ж/г
село Бесарык

«Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі - Заң) 16 – бабының 3 – тармағының 4, 5, 6 тармақшаларына сәйкес және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 506, 507, 508 және 509 тармақтары негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің №8«Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «егер мұндай біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларды сатып алу Заңының (16-бабы 3-тармағының 1 тармақшасы), егер мұндай біртекті жұмыстар мен қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін - республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінде» осы заңға сәйкес атқарылатын жұмыстарды қызметтерді, бір текті заттарды сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2.Тікелей шарттар жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау үшін жауапкершілікті есепші Шокбарбаев Халелге жүктеймін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

4. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Бөбекжай-бақшасы меңгерушісі: Л. Алтаева